

Зеленов ауданында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау қағидасын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихатының 2014 жылғы 25 ақпандағы № 21-3 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 20 наурызда № 3443 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек аудандық мәслихатының 2020 жылғы 5 наурыздағы № 45-3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек аудандық мәслихатының 05.03.2020 № 45-3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ", 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Зандарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Зеленов ауданында аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау қағидасы бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрагасы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*H. Ахметова*

*P. Исмагулов*

2014 жылғы 25 ақпандағы № 21-3

Зеленов аудандық мәслихатының  
шешімімен бекітілген

**Зеленов ауданында аз қамтамасыз  
етілген отбасыларға (азаматтарға)  
тұрғын үй көмегін көрсетудің  
мөлшерін және тәртібін айқындау  
қағидасы**

Осы Зеленов ауданында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау қағидасы (бұдан

әрі - Қағида) Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес әзірленді және аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындайды.

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) шекті жол берілетін шығыстар үлесі – телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғауы бөлігінде отбасының (азаматының) бір айда тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің отбасының (азаматтың) орташа айлық жынтық кірісіне пайызбен қатынасы;

2) отбасының (азаматтың) жынтық табысы – тұрғын үй көмегін тағайындауға етініш білдірілген тоқсанның алдындағы тоқсанда отбасы (азамат) кірістерінің жалпы сомасы;

3) кондоминиум объектісін басқару органы - кондоминиум объектісін басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

4) уәкілетті орган – жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын, тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы;

5) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар – кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалануға және жөндеуге, жер участкесін күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуды есептеудің үйге ортақ құралдарын сатып алуға, орнатуға, пайдалануға және тексеруге жұмсалатын шығыстарға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтерді төлеуге жұмсалатын шығыстарға жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар арқылы төленетін үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері шығыстарының міндетті сомасы, сондай-ақ болашақта кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін немесе оның жекелеген тұрлерін құрделі жөндеуге ақша жинақтауға жұмсалатын жарналар;

6) аз қамтылған отбасылар (азаматтар) – Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үй көмегін алуға құқығы бар адамдар.

7) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылған заңды тұлға.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихатының 27.06.2018 № 22-5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

2. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен осы елді мекенде тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға):

1) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға;

2) тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

3) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған, шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады. Тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін шекті жол берілетін шығыстар үлесі отбасының (азаматының) жиынтық табысынан бес пайыз мөлшерінде белгіленеді.

3. Аталған жерлерде тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұсташа арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұсташа арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеуге жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

3-1. Отбасы (азамат) (не нотариат қуәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін Мемлекеттік корпорацияға немесе "электрондық үкімет" веб-порталына тоқсанына бір рет жүгінуге құқылы.

**Ескерту. Қагида 3-1-тармақпен толықтырылды – Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихатының 27.06.2018 № 22-5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

3-2. Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау немесе көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мерзімі Мемлекеттік корпорациядан құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап сегіз жұмыс күнін құрайды.

**Ескерту. Қагида 3-2-тармақпен толықтырылды – Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихатының 27.06.2018 № 22-5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

## **2. Тұрғын үй көмегін тағайындау тәртібі**

4. Отбасы (азамат) (не нотариат қуәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін Мемлекеттік корпорацияға және/немесе "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы өтініш береді және мынадай құжаттарды қоса береді:

1) өтініш берушінің жеке басын қуәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін түпнұсқасы беріледі);

2) отбасының табысын растайтын құжаттар. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы азаматының) жиынтық табысын есептеу тәртібін тұрғын үй қатынастары саласындағы уәкілетті орган айқындайды;

3) өтініш берушінің тұрғылықты тұратын жерінен мекенжай анықтамасы (тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынатын мәліметтерді қоспағанда);

4) жылжымайтын мұліктің болуы (болмауы) туралы анықтама (тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынатын мәліметтерді қоспағанда);

5) зейнетақы аударымдары туралы анықтама (тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынатын мәліметтерді қоспағанда);

6) жұмыс орнынан немесе жұмыссыз адам ретінде тіркелуі туралы анықтама;

7) балаларға және асырауындағы басқа да адамдарға алименттер туралы мәліметтер;

8) банктік шоты;

9) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп ұстauғa арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоттар;

10) коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттар;

11) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;

12) жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот.

Осы тармақта көзделмеген құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Отбасы (азамат) (не нотариат қуәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) қайта өтініш берген кезде осы Ереженің 4-5-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, отбасының табыстарын растайтын құжаттарды және коммуналдық шығыстарға арналған шоттарын ғана ұсынады.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихатының 27.06.2018 № 22-5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

4-1. Мемлекеттік корпорация арқылы құжаттар қабылданған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

**Ескерту. Қағида 4-1-тармақпен толықтырылды – Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихатының 27.06.2018 № 22-5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

4-2. Осы Ереженің 4-тармағында көзделген құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

**Ескерту. Қағида 4-2-тармақпен толықтырылды – Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихатының 27.06.2018 № 22-5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

4-3. "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы өтініш жасаған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетуге сұрау салуының қабылдағаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, хабарлама жіберіледі.

**Ескерту. Қағида 4-3-тармақпен толықтырылды – Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихатының 27.06.2018 № 22-5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

4-4. Мемлекеттік корпорация өтінішті ақпараттық жүйе арқылы қабылдайды және оны тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті органға жібереді.

**Ескерту. Қағида 4-4-тармақпен толықтырылды – Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихатының 27.06.2018 № 22-5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

4-5. Уәкілетті орган отбасы (азамат) (не нотариат қуәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс емес екенін анықтау негізінде тұрғын үй көмегін беруден бас тартады және өтініш берілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге "электрондық үкімет" веб-порталы не Мемлекеттік корпорация арқылы дәлелді бас тартуды жібереді.

**Ескерту. Қағида 4-5-тармақпен толықтырылды – Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихатының 27.06.2018 № 22-5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

4-6. Тұрғын үй көмегін тағайындау туралы шешімді не кызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті орган қабылдайды. Тағайындау туралы хабарлама не тағайындаудан бас тарту туралы дәлелді жауап Мемлекеттік корпорацияға немесе электрондық құжат ретінде "жеке кабинетке" жіберіледі.

**Ескерту. Қағида 4-6-тармақпен толықтырылды – Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихатының 27.06.2018 № 22-5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

5. Алынып тасталды – Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихатының 27.06.2018 № 22-5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

6. Алынып тасталды – Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихатының 27.06.2018 № 22-5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

7. Алынып тасталды – Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихатының 27.06.2018 № 22-5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Артық төленген сомалар өз еркімен, ал бас тартқан жағдайда сот тәртібімен қайтарылуға жатады.

8. Үш жасқа дейінгі баланы тәрбиелеп отырған, күтімге мұқтаж мүгедектерді құтетін тұлғаларды қоспағанда, еңбекке жарамды, бірақ жұмыс істемейтін, оқымайтын және уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелмеген отбасы мүшелері бар отбасыларға тұрғын үй көмегі берілмейді.

### **3. Тұрғын үй көмегін төлеу**

9. Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеуді екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкірткыштық ақпарат институты» ШЖҚ РМК